

ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№ 24 (1534)
24 маусым
2014 жыл

УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАМАН ТАЛАБЫНА ЖӘНЕ БІЗДІҢ ҚОҒАМНЫҢ АЛДЫНДА ТҮРҒАН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ СӘЙКЕС 2009 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА ҚР ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КЛАССИФИКАТОРЫНА «ҒАРЫШТЫҚ ТЕХНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ДЕП АТАЛАТЫН ЖАҢА МАМАНДЫҚ ЕНГІЗІЛГЕН БОЛАТЫН. 2010 ЖЫЛ БОЙЫ ҰЛТТЫҚ ҒАРЫШТЫҚ АГЕНТТІК РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖОО- ЛАРЫМЕН БІРІГЕ ОТЫРЫП, БҮЛ МАМАНДЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫН, ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН, ТӘЖІРИБЕ БАЗАЛАРЫН ҚЫЗУ ТАЛҚЫЛАУДАН ӨТКІЗІП, ӘЛ- ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ҒАРЫШ САЛАСЫНДА МАМАНДАР ДАЙЫНДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛАТЫН ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ТИІСТІ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ БІРІ БОЛЫП ТАНЫЛДЫ.

2010 жылдың маусым айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика кафедрасы «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығы бойынша оқу лицензиясына ие болып, мамандыққа студенттер қабылдауды бастады. 2012 жылы магистратура, ал 2013 жылы докторантура ашылды. Осылайша, қазіргі

уақытта ҚазҰУ-да ғарыштық сала мамандарын дайындаудың үш сатысы жүзеге асырылуда. Биыл университетіміздің 80 жылдығы тұсында жаңа мамандық бойынша бакалаврлар мен магистрлердің бірінші түлектері бітіріп шыққалы отыр.

Ғарыштық технологиялар саласында кафедра әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен бірге жұмыс жасап келеді.

2007 жылдан бері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Токио университетінің арасында өте нәтижелі байланыстар орнатылды. 2007 және 2013 жылдар аралығында студенттік серіктерді жобалау бойынша әлемдегі ең үздік мамандардың бірі – Шиничи Накасука дәрістер оқып, ҚазҰУ студенттеріне кеңес жүргізді. Профессор Накасука ҚазҰУ-дың үш докторантының шетелдік жетекшісі болып табылады.

2013 жылы ҚазҰУ Токио университетімен тығыз байланыста жүзеге асырылатын наносерікті құрастыруға арналған грантты жеңіп алды. Бұл жобаның жетекшісі – ҚазҰУ

ректоры, академик Ғ.М. Мұтанов. ҚазҰУ-дың бес магистранты Токио университетіндегі профессор Накасуканың зертханасында бір жылдық тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болды. Олар 2014 жылдың сәуір айында UNIFORM халықаралық жобасына қосылды. Аталған жоба Жапония мемлекеті басшылығымен бірге жұмыс істейді және ғарыштық технологияларды дамытуға, Азия мемлекеттерінде және Тынық мұхиты аймақтарында ғарыштық саланың жоғары білікті мамандарын дайындауға жағдай жасайды.

2011 жылдан бастап Берлин техникалық университетінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері үшін арнайы құрылған жазғы мектеп өткізіледі. Біздің магистранттармен бірге онда ҚР Ұлттық ғарыш агенттігі, Ресейдің ғарыштық мекемелерінің мамандары білім алады. Берлин техникалық университеті серіктес университет ретінде жайдан-жай таңдалған жоқ. Бұл университеттің оқытушылары мен студенттері көптеген кіші серіктер жасаған, соңғы екеуі

2013 жылдың наурыз айында ұшырылған. Үш жылдың ішінде Берлиннің жазғы мектебінде ҚазҰУ-дың 44 магистранты және 2 докторанты арнайы дайындықтан өтті.

2013 жылдың желтоқсан айында TEMPUS-SESREMO (Strengthening education in space-based remote sensing for monitoring of eco systems in Israel, Azerbaijan, Kazakhstan) халықаралық жобасы басталды. Соның нәтижесінде «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығының магистранттары үшін жаңа дербес оқыту траекториясы енгізіледі және ғарыштық технологиялар бойынша екі жаңа зертхана қойылады. Осылайша жаңа мамандық біртіндеп дамып, Қазақстанның ғарыштық саласында жоғары білікті мамандар тобын құруға ықпал етеді деген негіз бар.

З.Б. РАКИШЕВА,

ф.-м.ғ.к, механика кафедрасының
профессоры

**ҚазҰУ мен Пенза мемлекеттік университеті (РФ) арасында он-лайн режимде
видео-конференция өтті**